

## **Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібін және мөлшерін айқындау туралы**

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 29 шілдедегі № 37-5 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 19 тамызда N 3348 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2015 жылғы 30 қазандағы N 38-6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 30.10.2015 N 38-6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 4) тармақшасына, "Халықты әлуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 217 қаулысына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балалардың (бұдан әрі – кемтар балалар) ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу (бұдан әрі – оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу) тоқсан сайын әр балаға 6,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айқындалсын.

2. Мынадай тәртіп айқындалсын:

1) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу "Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен жүргізіледі;

2) үйде оқытылатын мүгедектер қатарындағы кемтар балаларға шығындарды өндіріп алу (толық мемлекет қарауындағы мүгедек балалардан басқа) ата-анасының біреуіне немесе мүгедек балалардың басқа заңды өкілдеріне (бұдан әрі - алушы) беріледі;

3) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үшін алушы мынадай құжаттарды:

"Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін

қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 217 қаулысымен бекітілген осы шешімге 1-қосымшаға сәйкес өтінішті;

алушының жеке басын куәландыратын құжатты;  
тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;  
психологиялық – медициналық - педагогикалық консультацияның қорытындысын;

мүгедектігі туралы анықтаманы;  
банктегі шоттың болуы туралы құжатты;

"Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 217 қаулысымен бекітілген осы шешімге 2-қосымшаға сәйкес кемтар баланың үйде оқу фактісін растайтын оқу орнының анықтамасын ұсынады;

4) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысында көрсетілгендей, кемтар баланы үйде оқытудың қажеттілігі танылған жағдайда, өтініш берген айдан бастап тағайындалады;

5) шығындарды тоқтатуға әкеп соққан жағдайлар бар болғанда (мүгедек баланың он сегіз жасқа толуы, мүгедек баланың қайтыс болуы, мүгедектікті алып тастау, мүгедек баланың интернат-үйі немесе санаторлық мектепте оқып жатқан кезеңінде, мүгедек баланың тұрғылықты жерін ауыстыруы), төлемдер сәйкес жағдайлар туындағаннан кейінгі айдан бастап тоқтатылады.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Ғабит Мүсірепов атындағы  
ауданы мәслихатының  
XXXVII сессиясының төрағасы*

*Б. Досмағамбетов*

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Ғабит Мүсірепов атындағы  
ауданы мәслихатының  
хатшысы*

*Б. Ысқақова*

*Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит  
Мүсірепов ауданы мәслихатының 2015  
жылғы 29 шілдедегі № 37-5 шешіміне 1-  
қосымша*

Жергілікті атқарушы орган уәкілеттік берген  
мемлекеттік ұйымның басшысы

(жергілікті атқарушы орган уәкілеттік берген мемлекеттік ұйым басшысының Т.А.Ә.)

ӨТІНІШ

— Тегі \_\_\_\_\_

— Аты \_\_\_\_\_

— Әкесінің аты \_\_\_\_\_

— туған күні \_\_\_\_\_

— мүгедектігі \_\_\_\_\_

— үйінің мекенжайы \_\_\_\_\_

— телефоны \_\_\_\_\_

— жеке басын куәландыратын құжаттың № \_\_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ \_\_\_\_\_

— жеке сәйкестендіру нөмірі (болған кезде) \_\_\_\_\_

— \_\_\_\_\_

— \_\_\_\_\_

— \_\_\_\_\_

— тағайындауға құжаттарды қабылдауды сұраймын.

Мынадай құжаттардың көшірмелерін қоса беріп отырмын:

1 \_\_\_\_\_ 2 \_\_\_\_\_

— 3 \_\_\_\_\_ 4 \_\_\_\_\_

— 5 \_\_\_\_\_ 6 \_\_\_\_\_

— 7 \_\_\_\_\_ 8 \_\_\_\_\_

— 9 \_\_\_\_\_ 10 \_\_\_\_\_

— \_\_\_\_\_

Үйде оқитын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандыруды тағайындауға қажетті дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Құжаттарды қабылдады:

\_\_\_\_\_ (лауазымы, Т.А.Ә. және қолы)

20\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (өтініш берушінің Т.А.Ә. және қолы)

20\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит  
Мүсірепов ауданы мәслихатының 2015  
жылғы 29 шілдедегі № 37-5 шешіміне 2-  
қосымша

## АНЫҚТАМА

\_\_\_\_\_ берілді,

(оқитын және тәрбиеленетін баланың Т.А.Ә.)

ол шын мәнінде \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ мектептің

(мектептің атауын көрсету)

" \_\_ " сыныбында жеке оқу жоспары бойынша үйде оқиды.

Анықтама талап еткен жеріне ұсыну үшін берілді.

\_\_\_\_\_ № \_\_ мектеп директоры

(мектептің атауын көрсету)

Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

(аты-жөні және қолы)

М.О.